

**Жақсыбайкөл негізгі мектебінің әлеуметтік педагогы Ж.М.Шаутиновтың**  
**2022-2023 оқу жылы бойынша жасаған жұмыстарының**  
**Талдауы**

**Мектептің әлеуметтік - педагогикалық жұмысының мақсаты:** Мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік - педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл - ауқатын арттыру.

**Міндеттері:**

- Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын жан - жақты зерттеу және болжау, сол арқылы әлеуметтік шаралардың орындалуын қамтамасыз етіп, бала үшін білім алуға қолайлы орта құру;
- «Бала - отбасы - мектеп» моделіндегі әлеуметтік - педагогикалық жұмыс негізінде әлеуметтік жетімдіктің алдын алу;
- Оқушылардың құқықтық, әлеуметтік білімі мен жауапкершілігін қалыптастыру, баланың жан - жақты дамуын әлеуметтік - педагогикалық сүйемелдеу.

**Әлеуметтік - педагогикалық қызметтің міндеттері:** Оқушылардың микро ортасын, өмір сүру жағдайларын зерттейді.

Қиындығы мен проблемаларына, тәрбиедегі ауытқулары кезеңінде тез арада әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді.

Жетім, патронаттық тәрбиедегі және қамқорлықтағы баланың мүлктік және мүлктік емес құқы бойынша жұмыс жүргізеді. Және мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бақылайды.

Психолог, мұғалімдер, ата-аналармен немесе оларды ауыстыратын адамдармен бірлесіп жұмыс жасайды.

Білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын құрастыруға, бекітуге оны жүзеге асыруға қатысады және өзінің құзыреттілігі бойынша олардың орындалуына жауап береді.

**Әлеуметтік педагогтың проблемасы:** Оқушылардың қоғамға, әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу нәтижесімен түзету жұмыстарын жүргізу. Оқушының әлеуметтік жағдайын зерттеп және оған әлеуметтік- педагогикалық нақты көмек формаларын ұсыну, мәдени ортаны ізгілендіру, тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына ықпал ету.

2022-2023 оқу жылы бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді. Мен әлеуметтік педагог ретіндегі жылдық жоспарымды № 472 бұйрық негізінде төмендегідей негізгі 6 бағытқа бөліп жасадым

1. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу.
2. Бала құқығын қорғау жұмысы
3. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс
4. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы
5. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс
6. Диагностикалау-талдау қызметі

Осындай бағытта құрылған жоспардан айлық, апталық жоспарларды жасап, жұмыстар атқардым.

**Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу жұмысы бойынша**

Мектеп бойынша оқушылардың тізімі жинақталып, оқушының әлеуметтік жағдай, ата- анасы туралы мәліметтер анықталды. Көп балалы, аз қамтылған, жетім және жартылай жетім, қамқорлықтағы (болған жағдайда) , мүмкіндігі шектеулі (мүгедек) және патронаттық тәрбиедегі(болған жағдайда) оқушылардың тізімі жасақталып, осы тізім бойынша оларға материалдық көмектер берілді. Тізім негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасақталды.

**Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік паспорты жасалды.**

| № | Мәліметтер                 | Оқушы саны |
|---|----------------------------|------------|
| 1 | <b>Жалпы оқушылар саны</b> | 47         |
|   | <i>Оның ішінде:</i>        |            |
|   | Ұл балалар саны            | 24         |
|   | Қыз балалар саны           | 23         |
|   | Ұлттық құрамы              |            |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------|
|    | Қазақ:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | 47                                             |
|    | Орыс:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | -                                              |
|    | Өзге ұлт өкілдері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | -                                              |
|    | Бастауыш сынып оқушылар саны (1-4)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | 15                                             |
|    | Орта буын оқушылар саны (5-9)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | 32                                             |
|    | Жоғары сынып оқушылар саны (10-11)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | -                                              |
| 2  | <b>Әлеуметтік жағдайы</b><br><b>Барлық отбасы:</b><br><b>Толық отбасы:</b><br>Ондағы бала саны:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | 29<br>28<br>46                                 |
| 3  | <b>Толық емес отбасы</b><br><b>Ондағы тәрбиеленіп отырған бала саны</b><br><i>Оның ішінде:</i><br>Әкесі қайтыс болған:<br>Анасы қайтыс болған:<br>Ата-анасы ажырасқан:<br>Ата-әжесімен тұратын:                                                                                                                                                                                                                                                                                                | 1<br>1<br>1<br>-<br>-                          |
| 4  | <b>Аз қамтылған отбасы</b><br><b>Ондағы тәрбиеленіп отырған бала саны</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | 1<br>1                                         |
| 5  | <b>Көп балалы отбасы</b><br><b>онда тәрбиеленіп отырған бала саны</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | 9<br>20                                        |
| 6  | <b>Сәтсіз отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны</b><br><i>Оның ішінде:</i><br>Өгей әкесімен тұратын бала саны<br>Өгей анасымен тұратын бала саны                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | -<br>-                                         |
| 7  | <b>Мұғалімнің тарапынан көмекті қажет ететін оқушылар саны</b><br><b>Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала саны</b><br><i>Оның ішінде:</i><br>Патронаттық тәрбиеде<br>Қамқоршылық тәрбиеде<br><b>Мүмкіндігі шектеулі</b><br><i>Оның ішінде:</i><br>Мүгедек бала<br>Үйден оқитын бала<br><b>Есепте тұрған оқушылар саны:</b><br><i>Оның ішінде:</i><br>Мектепшілік есепте<br>Аудандық полиция бөлімінде<br>Денешынықтыру пәнінен денсаулығына байланысты босатылған оқушылар саны: | -<br>-<br>-<br>-<br>1<br>-<br>-<br>-<br>-<br>- |
| 8  | <b>Арнайы түзету мекемесінде болған ата-ана саны:</b><br><b>Арнайы түзету мекемесінде болған туыстар саны:</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | -<br>-                                         |
| 9  | <b>Дін жолында жүрген отбасы балалар саны</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | -                                              |
| 10 | <b>Ата-ана құрамы</b><br>Мүгедек ата-аналар саны:<br>Зейнеткер ата-аналар саны:<br>Жоғары білімі бар ата –аналар саны:<br>Кәсіби орта білімі бар ата - аналар саны:<br>Кәсіпкер ата-аналар саны:                                                                                                                                                                                                                                                                                               | -<br>1<br>8<br>13<br>-                         |
| 11 | <b>Отбасы жағдайы:</b><br>Жеке үйде тұратын отбасылар саны<br>Оның ішінде бала саны:<br>Көп қабатты үйде тұратын отбасылар саны:<br>Ондағы бала саны:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | 29<br>47<br>-<br>-                             |

|    |                                                                                                                                    |                    |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|
|    | Жалдамалы үйде тұратын отбасылар саны:                                                                                             | -                  |
|    | Оның ішіндегі бала саны:                                                                                                           | -                  |
|    | Жатаханада тұратын отбасылар саны:                                                                                                 | -                  |
|    | Оның ішіндегі бала саны:                                                                                                           | -                  |
| 12 | <b>Оқушылардың мектептен тыс үйірмелерге қатысымы</b><br><i>Оның ішінде:</i><br>Спорт мектебіне<br>Саз мектебіне<br>Оқушылар үйіне | -<br>-<br>-        |
| 13 | <b>Ыстық тамақпен қамтылуы:</b><br><i>Оның ішінде:</i><br>1-4 сынып оқушылары<br>5-9 сынып оқушылары<br>10-11 сынып оқушылары      | 16<br>15<br>1<br>- |

**II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы** бағыты бойынша әлеуметтік карта арқылы білім алушылардың тұрмыстық жағдайы, отбасы құрамы, достары анықталды. Әлеуметтік мәртебесі бар білім алушылар тамыз айында 25.01.2008 ж. 64 қаулы негізінде қаржылай көмек көрсетіліп, оқулықтармен, ыстық тамақпен толықтай қамтылды.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысы негізінде ата – аналардан өтініш қабылданып, 1 білім алушыға «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында материалдық көмек көрсетуге 40567 теңге көлемінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 қаулысымен бекітілген «"Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын» (өзгерісі 30.12.2020 №949) басшылыққа алынды. Ата – аналарға түсіндіру, кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Ата – аналар түскен қаражатқа балаларына оқуға қажетті киімдер және оқу – құралдар алды.

| № | Көмектің түрі | қаржылық         |                 | Категориясы                                                                             |                                                                                                                                                               |
|---|---------------|------------------|-----------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |               | Білім алушы саны | Берілген көмек  | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан білім алушылар | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары |
| 1 | Мемлекеттік   | 2                | Әр балаға 40567 | 0                                                                                       | 2                                                                                                                                                             |

Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу жұмысы бойынша барлық кластардың мәліметтері жинақталып нәтижесінде сынып жетекшілері сыныптардың әлеуметтік паспорттарын жасақтаса, әлеуметтік педагог мектептің әлеуметтік паспортын жасады.

Әр түрлі статустарға жататын оқушылардың тізімі жасалып, бекітіліп деректер қоры жинақталды.

Жыл басында екінші категория бойынша 1 оқушы, бастауыш сыныптар бойынша 15 оқушы, барлығы 16 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Қажетті құжаттар жиналып, өтініш қабылданды. Мектеп директорының №42 бұйрығымен ыстық тамақты ұйымдастыру комиссиялары құрылып, жыл бойы жұмыс атқарылды. Ай сайын бракераждық комиссия, тоқсан сайын мониторингтік комиссия тамақтың сапасын, берілу жағдайын, асхананың санитарлық талапқа сай жұмыс жасау нормаларын қадағалап, акт жасап отырды. Өрескел заң бұзушылықтар болған жоқ. Заңдылыққа сай жұмыстар жүргізілді. Қазан айында ыстық тамақты қадағалауға облыстық білім басқармасынан тексеріс келді. Қадағалау жүргізіп, құжаттарды тексерді. Нәтижесінде нормаға сай, жақсы жұмыс бар деген пікір айтты.

Мектеп директорының №42 бұйрығымен ыстық тамақты ұйымдастыру комиссиялары құрылып. Жыл бойы жұмыс атқарды. Ай сайын бракераждық комиссия, тоқсан сайын мониторингтік комиссия тамақтың сапасына, берілу

жағдайына, асхананың санитарлық талапқа сай жұмыс жасау нормаларын қадағалап, акт жасап отырды. Өрескел заң бұзушылықтар болған жоқ.

**Бала құқығын қорғау жұмысы, Өр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс және Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы бойынша**

Жыл басында оқушылардың әлеуметтік статустары анықталған соң отбасыларына акт жасалып, әлеуметтік талдаулар жасалды. 5-6-7-8 класс оқушыларына «Менің құқығым – менің міндетім» құқықтық кеңес сабақ өткіздім. Мақсаты: Оқушыларға өз құқықтарын қорғай білу, қандай заңдар мен нормативтік құжаттар бар екендігі айтылып. Өз міндеттері мен құқықтарын білу басты шарт екені хабарланды. Оқушылар қажетті сұрақтарын қойып, еркін пікірталасуға жалғасты. Сонымен қатар «Заң білу заман талабы» дөңгелек үстел жоғары класс оқушыларына өткізілді. Құқық бұзушылықты болдырмау, келеңсіз жағдаяттардың алдын алу мақсатында заңды білу қажеттілігінің маңызы зор екені айтылды. Тәртіпке бағынудың, заңды құрметтеудің міндет екені баса айтылды. Оқушылар да өз ойларын ортаға салып, зиянды әдеттерден қорғанудың жолдары туралы түсініктерін кеңейтті. Бұл менің әлеуметтік педагог ретінде өз тарапымнан өткізген жұмыстарым болса, мектеп психологы, ДТЖО мен, ауылдық полициямен бірлескен жұмыстарда өтті. Дегенмен, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша қаншама жұмыстар жасалғанмен бір қарын майды бір құмалақ шірітеді деп дана халқымыз айтқандай осыншама жұмыстарды нәтижесіз қылып, қантар айында екі оқушы аудандық ішкі істер бөлімінің есебіне алынды. Сонымен бірге екі оқушының отбасында қолайсыз отбасы ретінде есепке қойылды. Жоспар жасалып, жеке жұмыстар жүргізілді. Тексерістер болды. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде бұл екі оқушының тәртібі қазіргі жағдайда жақсы, қатаң бақылауда. Класс жетекшілер мен педагогтармен біріге отырып әлеуметтік жағынан аз қамтылған оқушылармен пікірлесу, сөйлесу, қолдау көрсету жұмыстары жүйелі жүрді. Нәтижесінде себепсіз сабақтан қалатын немесе әлеуметтік жағдайға байланысты сабаққа келе алмайтын оқушылар болған жоқ. Класс жетекшілерінде әлеуметтік мәселелерге байланысты болатын құжаттар, олардың үлгілері туралы мәліметтерді дер кезінде беріп отырды. Қараша айында мектеп педагогтарына арнап «Педагогтың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері» баяндама жасап, педагогтарға арналған кеңес беру өткіздім.

**Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс бойынша**

Мектеп оқушылары ата-аналарының әлеуметтік құрамын анықтау жұмысынан бастау алатын бұл жұмыс қажет жағдайда ата-аналарға кеңес берумен жалғасады. Ата-ананың бала тәрбиесіне қатысты құқығы мен міндеті.» ата-аналарға арналған баяндама, кеңес беру жұмысын өткіздім. Мақсаты отбасындағы жауапкершілікті арттыру, ата-ананың бірлігі, олардың атқаратын міндеттері мен құқықтарын айқындап айту. Іс жүзінде жүзеге асыру, өмірлік сабақтардан видеороликтермен таныстыру, заңдылықтарды хабарлау, айналып келгенде жақсы бала тәрбиелеуде бірлесіп жұмыс жасауға шақыру. Олардың құқықтық сауаттылықтарын арттыру. Үштік одақтың бірлігін нығайту. Бала тәрбиесіне қатысты ата-аналардан сауалнама да алынды. Нәтижесі шығарылып, хаттамасы жасалды.

**Диагностикалау-талдау қызметі бойынша** Жылына екі рет 5-6-7-8-9 класс оқушыларынан әлеуметтік сауалнама, тесттер алынды, бастауыш сынып оқушыларынан әлеуметтік тест немесе сауалнама алынды нәтижесі шығарылып, хаттамасы жазылды. Бірінші жарты жылдық бойынша оқушылардан әртүрлі әлеуметтік сауалнамалар мен тесттер алынды. Тоқтала кететін болсам мысалы: 1-кластан «Менің отбасым» сурет тесті және 2-3-4 кластардан «Менің отбасым» шағын шығарма жазу жұмысы алынды. Бұл жұмыстардың мақсаты баланың отбасындағы жағдайын және отбасындағы қарым-

қатынасты зерттеу болатын. Нәтижесінде: Салынған суреттер мен жазылған ойларға қарай отырып психикасы бұзылған, ерекше назарды талап ететін оқушы жоқ жоқ деген қорытынды жасадым. Бір қуантарлығы бізде балалардың отбасына деген құрметі шексіз. Дегенмен кейбір оқушыларға байланысты ата-ана мен мұғалімге кеңес берілді. Ал 5-6-7-8 класс оқушыларынан «Әлеуметтік диагностика» алынды. Мақсаты оқушылардың тұлға ретінде дамуы мен қалыптасуына әсер ететін басты сенімін анықтау болатын, нәтижесінде тұлға ретінде оқушылардың қалыптасуы жақсы деңгейде, ең бастысы түсінігі мен пайымдаулары жоғары. . Бәрі арманшыл мақсат қоя біледі. Болашаққа үмітпен қарайды. 8-9 класс оқушыларынан «Көкейдегі 10+1 сұрақ» атты әлеуметтік сауалнама алынды. Мақсаты: Оқушылардың болашақ туралы, мектеп өміріне деген көз қарасын жалпы адами ойларын байқау, пікірлерін білу.Нәтижесінде оқушылардың мектепке деген пікірлері оң.Әрбір балада түсінік бар.Кейбір сұрақтарға байланысты пікіралмастық.

Сондай ақ оқушылармен өзгеде тақырыптарда жоспарлы және жоспардан тыс келген қатынастар негізінде іс-шаралар өтті. Мысалы: 6-7-8 класс қыз балаларына *Қыз тәрбиесі*

*ұлт тәрбиесі» атты шара өткіздік* Мақсаты: Қыздармен әңгімелесе отырып, ар-намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту. Есірткі, ішімдік және темекінің ағзаға тигізетін әсері, келешек өмірлеріне оның зардаптары, адам ағзасына теріс әсері туралы түсіндіру. Бәрінің жеке бас тазалығын сақтау, күнделікті тәртіп, дұрыс сөйлеу мәдениеті, үй тірлігін атқару, әлеуметтік желіні орынды пайдалану сияқты қарапайым талаптарды сақтаудан басталатынын ұғындыру.

Мектептегі ыстық тамақпен қамтылып отырған балалардан да сауалнама жұмыстары алынады. Мақсаты олардың мектеп асханасына ондағы беріліп жатқан тағамдарға көз қарастарын білу. Бұл диагностика жұмыстарының мақсаты бір баланың ойындағыдай ортаны қалыптастырып, балаға жағдай жасау. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу. Әрине мұның бәрі еңбек, ал алған марапаттар педагогты шабыттандыратын қажетті дүниелер. Бұдан әрі қарай жаңашылдықпен, жауапкершілікпен жұмыс жасай бермекпін.

7 – 9 сынып оқушыларына «Құқықтық білімнің маңызы зор» тақырыбында дәріс оқылып, кеңестер берілді. Оқушылар жалпы құқықбұзушылық қайдан шығады, оның алдан – алу, құқық бұзушылыққа бой алдырмаудың жолдарын, өзін – өзі тәрбиелеу, қоғамға жат қылықтан аулақ болуға, қандай жағдайда өз құқығы мен міндетінде қорғай алатындықтары жөнінде мағлұмат алды.

15 қараша күні «Сенің құқығың – менің құқығым» атты танымдық сабақ өтті.

Сабақтың мақсаты оқушыларға құқық туралы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу, әңгімелесу, бала құқығы жөнінде білімін кеңейту. «Өз құқығыңды қаншалықты білесің?» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп оқушылармен талқыланды. Құқықбұзушылық жағдайы орын алған сәтте хабарласатын байланыс нөмерлері және сенім жәшігі бары ескертілді.

Желтоқсан айының 20 күні 2 – 3 сынып білім алушыларна «Көңілді достар» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты оқушылардың арасындағы жағымды қарым – қатынас орнату, достық ұғымы туралы түсінік беру, бір – бірін сыйлау, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету. Тренинг 6 бөлімнен тұрды. Білім алушылар тренингке қызығушылықпен қатысты.

Білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілерден мәлімет жинақталып, балалардың қандай үйірмеге, спорттық секцияларға қатысатыны анықталды.

«ЖҚТБ (СПИД) – ның дамуы, тарихы, алдын алу шаралары» тақырыбында 8-9 сыныптарға баяндама оқылды. Мақсаты оқушылардың зиянды заттар туралы білімдерін тереңдетіп, оқушыларды салауатты өмір салтына және имандылыққа тәрбиелеуге, өз денсаулығының бағалы байлық екендігіне жағдай жасауға, бауыр, өкпе, миларға нашакордың зияны туралы, біраз мағлұматтар мен оның жұғу жолдары және денсаулыққа зиян екені айтылды. **Өртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс** бағыты бойынша мінез – құлық және эмоционалдық проблемалары бар балаларды әлеуметтік – психологиялық - педагогикалық қолдау жұмыстары жүргізілді. Қолайсыз, өмірлік қиын жағдайда қалған білім алушылар тіркелмеді.

**Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы** бағыты бойынша әлеуметтік педагог пен ауыл медбикесі бірігіп 7 – 9 сынып білім алушылармен «Қыз бала тәрбиесі – ұлт тәрбиесі!» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты қыз баланың бойына әдептілікті, адалдық пен инабаттылықты дарыту, мейірімділікке тәрбиелеу. Қыздарға біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан – жақты сұлулықпен мейірімділіктің символы ретінде қарастыратыны туралы айтылды. Қыздар өз пікірлерін білдіріп, қазіргі таңда қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет ететінін айтты. Достарына үлгі болатындай, ата – ананың берген ақылын тыңдап өсіп келе жатқандығын айтып, ой бөлісті. Сонымен қатар медбике «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында баяндама оқып, түсінік жұмыстарын жүргізді.

Мектеп психологы және әлеуметтік педагог 7 – 9 сынып білім алушыларна «Мен зорлық – зомбылыққа қарсымын» тақырыбында тренинг сабақ өткізді. Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға азаматтық құқықтар мен бас бостандықтарын қорғауға, зорлық зомбылықтың адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Әлеуметтік педагог баяндама оқыды, мектеп психологы түрлі жаттығулар, ойындар ойнатты.


**Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.**

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге не отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды.


Қыркүйек айында ата – аналардан «Отбасы қарым - қатынас» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнама мақсаты ата – аналардың балаларымен қарым қатынасын анықтау. Сауалнамаға 24 ата- ана қатысты. Сауалнама нәтижесі



Ата-аналарға «Қатыгездік және зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында жаднамалар таратылып, «Бала қалай зорлық – зомбылыққа душар болмау керек?» түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Наурыз айында бастауыш сынып білім алушылар мен аналары арасында «Денсаулық бар - байлық» ата – аналармен спорттық сайыс өтті. Мақсаты ана мен бала арасындағы ынтымақты нығайту, оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру.

**Диагностикалау-талдау қызметі** бағыты бойынша мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, қаңтардың 16 күні 2 – 6 сынып білім алушылармен дұрыс тамақтану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында 20 білім алушыда 100% ия деп жауап берді. Сауалнама мәтінінде асханадан жиі тамақтанасың ба, мектеп асханасында тамақтың дайындалуы саған ұнай ма тағы сол сияқты сұрақтар берілді. Мектеп асханасы білім алушыларды уақытылы сапалы тамақпен қамтамасыз етіп отыр. Білім алушылардың асханаға, аспазшыға деген ешқандай қарсы пікірлері болмады.

Сауалнама нәтижесі төмендегідей көрсетті.



Мамыр айында 5 – 9 сынып білім алушыларына жаз кезіндегі қауіпсіздігінің алдын алу түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар үзіліс кезіндегі бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін 1-9 класс оқушыларына үзіліс кезінде түрлі ойындар ұйымдастырдым.

